

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Мойыншақ қызға көмектесейік

ЖАРИЯЛАНДЫ
01.11.2021СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/108889/

Саметова Мариям Ермаковна

«Балдырған» орта тобы үшін ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары.**Өткізілетін күні, айы, жылы:** 20.11.2019 ж**Тәрбиеші:** Саметова М.Е**Білім беру саласы:** «Таным»**Ұйымдастырылған оқу қызметінің түрі:** «Құрастыру»**Өтпелі тақырып:** «Дені саудың жаны сау»**Апта тақырыбы:** «Өзім туралы»**Тақырыбы:** Мойыншақ қызға көмектесейік.**Білімділік міндеті:**Текше мен кірпіштіпайдаланып орындық пен үстел жасауға үйрету.**Дамытушылық міндеті:**Сипап-сезу арқылы бөлшектерді танып, сипаттау дағдыларын қалыптастыру.**Тәрбиелік міндеті:** Ұқыптылыққа тәрбиелеу.**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** геометриялық бөлшектер (текше мен кірпіш), томиктер, сандық, қуыршақ Мойыншақ қыз.**Тілдің үштұғырлығы:** орындық-сульь, үстел-стол.**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:****Шаттық шеңбер:**

Балалар шеңберде тұрады.

«Қайырлы таң достарым» музыка әуенімен орындайды.

Қайырлы таң достарым

Қайырлы таң достарым.

Шеңберге тұрайық

Жылулық сыйлайық.

Мотивациялық-қозғаушылық кезең:

-Балалар сендер музыка әуенін естіп тұрған жоқсыңдар ма?

-Балалар бұл әуен сандықтан шығып тұрған сияқты. Қазір мен сандықты ашып қарап көрейін.

-Бұл қуыршақтың аты Мойыншақ қыз.

-Мойыншақ қызбен амандасыңдар.

-Сәлеметсіңдер ме балалар!

-Балалар қараңдаршы Мойыншақ қыз сондай әдемі. Қолына не ұстап тұр?

-Балалар мен сендерге өзімнің дорбамды ала келдім. Бұл дорбада сендерге дайындаған тапсырмам бар.

Ұйымдастырушылық-ізденістік:

Дидактикалық ойын: «Ғажайып дорба»

Шарты: Дорбада түрлі геометриялық бөлшектер бар, сендер қолдарың мен ұстау арқылы қандай бөлшектер екенін табуларың керек.

-Жарайсыңдар балалар өте ақылды екенсіңдер.

-Мойыншақ қыз біздің балалар сондай ақылды.

-Балалар маған мына сендердің орындықтарың мен үстелдерің ұнап тұр. Мүмкін маған орындық пен үстел жасап бересіңдер?

-Әрине біздің балалар жасап береді. Олай болса балалар оқу орталығына барайық.

-Балалар менің қолымда қандай бөлшектер тұр?

-Қазір мұқият қарап алыңдар.

1. Мен ең бірінші текшені қоямын үстіне көлденеңінен кірпішті орналастырамын. Мен не жасадым?

2. Екінші текшені үстелдің жанына қойып жанына тігінен кірпішті орналастырамын.

-Балалар мен не жасадым?

-Дәл осылай сендерде мойыншақ қызға орындық пен үстел жасап беріңдер.

Сергіту сәті.

«Кел санайық санамақ»

-Балалар сендерге үлкен рақмет, өте ақылды,білімді балалар екенсіңдер.

Рефлексивті түзетуші кезең:

—Балалар біз мойыншақ қызға не жасап бердік?

-Біз орындықты қандай бөлшектерден жасадық?

-Ал үстелді қандай бөлшектерден жасадық?

-Балалар Мойыншақ қаздың сендерге арналған сыйлығы бар екен ол сандықтың ішінде қалып қойыпты.

-Балалар ал енді менің қайтуым керек қош сау болыңдар.

-Балаларды мадақтау.

Педагогтың аты-жөні:Саметова Мариям Ермековна

Топ: «Балдырған» ортаңғы тобы.

Оқу қызметінің түрі: Құрастыру.

Оқу қызметінің тақырыбы: Мойыншақ қызға көмектесеік.

Бала саны:10бала

Күні:21.11.2019ж

Өздік талдау.

1.Бағдарлама мазмұны.Ұйымдастыру оқу қызметі жоспары алдын ала типтік бағдарламаға сүйене отырып құрылды. Балалардың жас ерекшелігіне сай болды. Құрастыру сабағында кірпіштермен жұмыс жасады яғни Мойыншақ қызға орындық пен үстел жасап беруде бағдарламаға сай кірпіш пен текшені пайдаландық.

2.Педагог әрекеті. Сабақта өзімді еркін ұстауға және балаларға қойылған сұраққа дұрыс нақ жауап берулерін қадағаладым. Сабақтың жүйелілігін сақтау үшін балаларға бағыт беріп отырдым. Сабақта уақыт берілген уақыттан асып бара жатқандықтан сергіту сәтін жасатқан жоқпын.

3. Балалардың әрекеті. Балаларға сабақтағы тапсырмалар мен сұрақтаға жауап беру қиын болған жоқ. Балалар ашық сабақта отырғандарына қарамастан өздерін өте емін еркін ұстады. Балаларда оқудағылары қалыптасқандықтан барлық кезеңдерде өздерін жақсы ұстады.

4. Оқу іс-әрекетінің өткізудегі жағдайдың сипаттамасы: сабақта қолданылған заттар техникалық және гигиеналық талаптарға сай болды.

5. Қорытынды. Құрастыру сабағы бойынша дидактикалық ойындар дайында. Тәрбиешілер қатарынан берілген ұстыныстарды түзету. Жас ерекшелігіне байланысты типтік бағдарламаны қайталау.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.